



Қазақстанда және әлемде көптілді білім беру ортасын қалыптастыру: жүзеге асырудың нәтижелері мен мәселелері



Халықаралық ғылыми-тәжірибелік
семинар материалдарының жинағы

***Қазақстанда және әлемде
көптілді білім беру ортасын
қалыптастыру: жүзеге
асырудың нәтижелері мен
мәселелері***

*Халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинар
материалдарының жинағы*

Нұр-Сұлтан – 2022

ӘОЖ
КБЖ
Қ

Рецензенттер:

Исина Г.И., филология ғылымдарының докторы, Қарағанды Е.Бөкетов ат. Университетінің профессоры

Загатова С.Б., филология ғылымдарының кандидаты, Еуразия гуманитарлық институтының профессоры

Қазақстанда және әлемде көптілді білім беру ортасын қалыптастыру: жүзеге асырудың қиындықтары мен аспектілері. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинар материалдарының жинағы. - Ғылыми ред. Ф.ғ.д., профессор А.Е.Бижкенова. - Нұр-Сұлтан: ЖК «Булатов А.Ж.», 2022.- 135 б.

ISBN

Семинар Л.Н.Гумилев ат. Еуразия Ұлттық университетінің ғылыми декадасы шеңберінде, сонымен қатар Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА базасынды іске асырылатын ҚР ҒБМ «Білім және ғылым жүйесінің ғылыми модернизациясының негіздері» (2021-2023) атты жобалық-мақсаттық қаржыландыруының тақырыптық жоспарына сәйкес өткізілді, рег. OR11466474

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинар материалдарының жинағына семинар қатысушылардың баяндамалары кірді. Мәтіндер авторлық стилінде сақталыңған. Орфографиялық және грамматикалық жағынан түзету жасалған жоқ.

Жинақ көптілді зерттеп жүрген мамандарға және білім алушыларға көзделген.

Құрметті оқырмандар!

Сіздердің назарларыңызға *Қазақстанда және әлемде көптілді білім беру ортасын қалыптастыру: жүзеге асырудың нәтижелері мен мәселелері* атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинар материалдарының жинағы ұсынып отыр.

Семинар Еуразия ұлттық университетінің шетел филологиясы кафедрасының ұйымдастыруымен 2022 ж. 13 сәуірінде өткізілді. Халықаралық қатысушылардың ішінде Башқұрт мемлекеттік Ақмұлла атындағы педагогикалық университеті мен қатар Солтүстік-Батыс Федералды Аммосов атындағы университеттер бар.

Семинар тақырыбының маңыздылығына күмән жоқ, үш тілдік білім беру бағыты нақты назар талап ететін, еліміздің және әлем деңгейіндегі жалпы білім беру саласының маңыздығын көтеретін сұрақтардың бірі.

Өз еліміздің тіл саясатындағы қазақ тілді одан сайын дамыту, қазақша тілдік кеңістіктің өрісін кеңейту, басқа тілдерге жағдай жасату, жас өспірімдердің тілдік білімдерін қолдану деңгейіне жеткізу – осы және тағы да басқа сұрақтар әлі де өзінің дұрыс шешімін табуда.

Беріліп отырған жинақта семинар қатысушылардың жеке ойымен қатар жалпы Қазақстандағы және әлемдегі білім ошақтарында атқарылып жатқан жұмыстары, жаңалықтары мен жетістіктерімен қатар қиындықтары көрсетілген.

Жинақ мамандарға және білім алушыларға пайдалы болады деп сенеміз.

МАЗМҰНЫ

Біжкенова А.Е., Базарбекова Ж.Н. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТІЛДЕРДІҢ ҮШТҰҒЫРЛЫҒЫ САЯСАТЫ - ОЗЫҚ БІЛІМ ҮЛГІСІНІҢ КӨРІНІСІ.....	6
Булатбаева К.Н. КАК ОБНОВЛЯТЬ СОДЕРЖАНИЕ ЛИНГВОДИДАКТИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ В ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ВУЗАХ.....	17
Буркова Т.А. ПОЛИКУЛЬТУРНАЯ И/ЛИ ПОЛИЛИНГВАЛЬНАЯ ЛИЧНОСТЬ?.....	20
Дербишева З.К. ОПЫТ МНОГОЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В ПОЛИКУЛЬТУРНОМ ПРОСТРАНСТВЕ КЫРГЫЗСТАНА.....	24
Китибаева А.К. ПРОБЛЕМЫ ИНТЕГРИРОВАННОГО ОБУЧЕНИЯ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЯХ.....	28
Находкина А.А. ЯКУТСКИЙ ЭПОС ОЛОНХО НА ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКАХ.....	32
Aminova L.A. CONVERGENCE STRATEGIES: POLITENESS STRATEGY IN ENGLISH AND RUSSIAN LINGUOCULTUROLOGY.....	37
Анафинова М.Л., Дюсембаева И. Т. ЕЛ ИМИДЖІҢ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ВЕРБАЛДЫ ТӘСІЛДЕРІНІҢ ЛИНГВО-ПРАГМАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	41
Анафинова М. Л., Нагашибаева Г. М АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНДЕГІ ЭВФЕМИЗМДЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТІК СИПАТЫ.....	47
Ахметова Г.С. ЛЕКСИКАЛЫҚ КҮЗІРЕТТІЛІКТІ ДАМУДЫҢ ЛИНГВОДИДАКТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	53
Булегенова И.Б., Г.К.Кенжетева ҚУАНЫШ ЭМОЦИЯСЫНЫҢ ТІЛДЕ БЕРІЛУІ.....	58
Гиберт О.С. ИМЯ СОБСТВЕННОЕ КАК СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ ЛИНГВОСТРАНОВЕДЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНЦИИ ОБУЧАЮЩИХСЯ..	63
Буркова Т.А., Г.А. Дистанова ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКАЯ И ЛИНГВОСТРАНОВЕДЧЕСКАЯ ЦЕННОСТЬ ФОЛЬКЛОРНЫХ ТЕКСТОВ, СОДЕРЖАЩИХ ТОПОНИМ (НА ПРИМЕРЕ НЕМЕЦКИХ ЛЕГЕНД И ПРЕДАНИЙ).....	67

Елеш А.Т. MYTHS AS A SOURCE OF THE FORMATION OF A PATRIOTIC PERSONALITY.....	72
Zhambylkyzy M., Yergalymova Z.Y. DEVELOPING COLLOCATIONAL COMPETENCE OF STUDENTS WITH THE HELP OF CORPORA IN TEACHING A FOREIGN LANGUAGE.....	78
Ксанова Д.М. ГЕОГРАФИЧЕСКИЕ ТЕРМИНЫ В СТРУКТУРЕ ГИДРОНИМОВ КАЗАХСТАНА И США.....	86
Куантаева Д.А. ИРОНИЧНОСТЬ КАК ЧЕРТА АНГЛИЙСКОГО КОММУНИКАТИВНОГО СТИЛЯ (НА МАТЕРИАЛЕ ТЕЛЕВИЗИОННЫХ ПЕРЕДАЧ ВВС).....	92
Липустина О.М. ФОРМИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ У СТУДЕНТОВ ЯЗЫКОВЫХ И НЕЯЗЫКОВЫХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ В СВЕТЕ ТРЕБОВАНИЙ НОВЫХ СТАНДАРТОВ ОБУЧЕНИЯ.....	96
Мусина Р.Р. СТРАТЕГИИ ПЕРЕВОДА НАЗВАНИЙ АНГЛОЯЗЫЧНЫХ ФИЛЬМОВ НА НЕМЕЦКИЙ ЯЗЫК.....	100
Нуркенова Г.А., Дуйсекова А.А. ЗАГОЛОВОК В ПОЛИТИЧЕСКОМ ГАЗЕТНОМ ДИСКУРСЕ: ЛИНГВОПРАГМАТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ.....	104
Оспанова А.Б. ФОРМИРОВАНИЕ ПОЛИЯЗЫЧНОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЫ В КАЗАХСТАНЕ И МИРЕ: ВЫЗОВЫ И АСПЕКТЫ РЕАЛИЗАЦИИ.....	111
Рысбек Ж.Қ., Бижкенова А.Е. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КӨП ҚҰРАМДЫ ТЕРМИН СӨЗДЕР.....	114
Сәрсембай С.Б. ҚАЗАҚСТАНДА ЖӘНЕ ӘЛЕМДЕ КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ: ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ АСПЕКТІЛЕРІ МЕН КЕДЕРГІЛЕРІ.....	119
Tlepbergen D. THE ROLE OF TRANSLANGUAGING IN MULTILINGUAL EDUCATION.....	125
Turganbekova A.M., Syzdykbayeva A.A. THE CONCEPT OF MILK IN THE KAZAKH AND ENGLISH LINGUISTIC PICTURES OF THE WORLD.....	130

3. Пассов В.П. Методика преподавания иностранных языков. Просвещение, М., 1991. 198 с.
4. Сомова, Ю.Г. Семантическое поле как средство совершенствования лексических навыков студентов III курса языкового вуза [Текст] / Ю.Г. Сомова // Иностранные языки: материалы конференции (21-23 мая 2002 г.). – СПб.: Изд-во РГПУ им. А.И. Герцена, 2002. – С. 112-113.

ҚУАНЫШ ЭМОЦИЯСЫНЫҢ ТІЛДЕ БЕРІЛУІ

Булегенова И.Б., Г.К.Кенжетасева
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті
3-ші курс докторанты
Профессор м.а, ф.ғ.к.

Аңдатпа. Мақала көркем мәтіндегі "қуаныш" эмоциясын тілде берілу мәселесіне арналған. Жұмыста лексикалық, синтаксистік және морфологиялық деңгейлердегі эмоционалды боялған бірліктердің талдауы ұсынылған. Зерттеу тақырыбы-қазіргі ағылшын және қазақ тілдеріндегі "қуаныш" эмоциясын бейнелеудің ерекшеліктері. Бұл жұмыстың мақсаты-салыстырмалы талдау арқылы қазіргі ағылшын және қазақ тілдеріндегі "қуаныш" эмоциясын тілде берілуінің негізгі тәсілдерін анықтау.

Кілт сөздер: лингвистика, эмоция, қуаныш, эмоционалды, лингвомәдениет.

Аннотация. Статья посвящена проблеме передачи в языке эмоций "радость" в художественном тексте. В работе представлен анализ эмоционально окрашенных единиц лексического, синтаксического и морфологического уровней. Тема исследования – особенности выражения эмоции «радость» в современных английском и казахском языках. Целью данной работы является выявление основных способов выражения эмоции «радость» в современном английском и казахском языках посредством сравнительного анализа.

Ключевые слова: лингвистика, эмоция, радость, эмоциональность, лингвокультура.

Annotation. The article is devoted to the problem of transferring the emotions "joy" in the literary text in the language. The paper presents an analysis of emotionally colored units of lexical, syntactic and morphological levels. The topic of the study is the features of expressing the emotion "joy" in modern English and Kazakh languages. The purpose of this work is to identify the main ways of expressing the emotion "joy" in modern English and Kazakh languages through a comparative analysis.

Key words: linguistics, emotion, joy, emotionality, linguistic culture.

Тілдің басты қызметі – адам ойындағы, ішкі дүниесіндегі түрлі құбылыстарды жеткізу. Эмоциялардың тілде берілу жолдарын зерттеу қызығушылығы лингвистикада эмоциялар лингвистикасы немесе эмотиология сияқты жаңа зерттеу бағытының туындауына жол ашты. Өткен ғасырдың екінші жартысынан бастап эмоциялар лингвистикасы көптеген лингвист-ғалымдардың зерттеу нышанына айналды. 80-жылдары эмоциялар егжей-тегжейлі зерттеліп, тіл білімінде жаңа ғылым саласын сипаттайтын мета-тіл ұсынылды. Эмоцияны бейнелейтін тілдік құралдар мен олардың берілу тәсілдері анықталды. Эмоциялардың адам танымының бір бөлігі

ретінде екені эксперименталды түрде дәлелденді.[1] Адамның қарым-қатынас барысындағы танымдық және эмоционалды процестер арасындағы динамикалық қатынастары, сондай-ақ, адам әлемінің тілдік бейнесінің эмоционалды аспектісі зерттелді. Қазіргі эмоциялар лингвистикасының дамуы қоғамның әлеуметтік өміріне әсерін келесі мысалдардан байқауға болады: Бүкіләлемдік ғаламтор консорциумы интернеттегі адам эмоцияларын сипаттайтын алғашқы стандартты қабылдады; эмоционалды интеллект халықаралық қауымдастығы эмоционалды интеллект жұмысын бизнес пен білім беруде қолдануын қолдауда; сөйлейтін роботтың инновациялық жобасын әзірлеу Яндекс іздеу қосымшасының бета – нұсқаулары эмоцияларды тануда лингвистикалық технологияны құруға түрткі болды. АҚШ-та “Cognition and Emotion” атты мамандырылған журнал шығарылды, “Language of Emotions” атты ғылыми орталық құрылды. Эмоциялардың танымдық табиғатын және олардың тілдегі көріністерін зерттеуге арналған көптеген конференциялар өткізілуде. Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, эмотивтілік бұл күрделі лингвистикалық санаттардың бірі және қазіргі таңда лингвистикалық зерттеулердің өзекті нысаны болып табылады. Сонымен қатар, кез-келген тіл этникалық топтың мәдени ерекшеліктерін көрсететін өзінің эмоционалды қорымен сипатталады. Осыған байланысты эмоциялардың тілде көрініс табу ерекшеліктерінің зерттеуі мәдениетаралық қарым-қатынас қарқынын анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу материалы ретінде қазақ әдебиетіне үлкен үлес қосқан қазақ халқының ұлы жазушысы, аудармашысы Ә. Нұрпейісовтың «Қан мен тер» трилогиясы (Ымырт, Сергелдең, Күйреу) мен американдық жазушы, публицист және прозашы, қоғам қайраткері Т. Драйзердің «Trilogy of Desire» (The Financier, The Titan, The Stoic) шығармаларында берілген қуаныш эмоцияларын негізге аламыз.

Қуаныш эмоциясы К.Изард бойынша базалық эмоциялар қатарына кіреді, әрі жағымды эмоция болып саналады [2]. Қуаныш эмоциясы әмбебап эмоция, себебі ол барлық тілдерде кездеседі. Ю.В. Дмитриеваны ескере отырасақ, адамның негізгі эмоционалды күйлерінің экспрессивті кодтары ғана тұрақты және бірегей болады. Яғни, қуаныш эмоциясын екі тілде көрініс табу ерекшеліктерін зерттеуде, қарастырылатын лингвомәдениеттердегі ұлттық ерекшелік пен бірегейлікті назардан тыс қалдырмау керек. Қуаныш эмоциясы түрлері, дәрежесімен, қарқындылығымен ерекшеленеді. Мысалы, қуаныш, көңілді болу, таңдану, т.б. (cheerfulness, fun, admiration, delight) [3]. Адамның эмоциясын білдіруде одағайлар ерекше қызмет атқарады. Одағайлар сан жағынан көп, семантикалық реңкі өте бай сөз табы. Олар әрі жағымды, әрі жағымсыз эмоцияны білдіреді. Мақалада тек қуаныш эмоциясын қарастырамыз. Мысалы:

1. «Ой, тентек!...» – деп, Еламан әр кездегідей ет-бауыры елжіреп кетті [4, 39].

2. Уа, халайық, қуаныштарың құтты болсын! [4,45]
3. Алақай, Айғанша апам балық әкелді – деп, әсіресе, аш балалардың ажары кіріп, шулап жатыр [4,277].
4. – Ой, қу бала! Қонақ қып сыйлайды екен десем, мені жұмсауға әкелген екенсің ғой. Бұл екеуі қалжыңдасып күліп жүріп үйді жинады [4,76].

Қарастырылған мысалдар аясында қуаныш эмоциясын білдіруде қазақ тілінде келесі одағайлар қолданылған: Алақай! Ой! Оу, уа, әй, ау, е,ехе-е, әп, ие және т.б., ал ағылшын тілінде oh, ha, huh, haw, hooray одағайлары қолданылған. Ағылшын тіліне қарағанда қазақ тілінде қуаныш эмоциясын білдіруде қолданылатын одағай саны көбірек. Қуаныш эмоциясы тілдік деңгейде бағалау категориясымен айқындалады. Ағылшын және қазақ тілдерінде тілдік деңгейде қуаныш эмоциясы жағымды мағынадағы сын есім, етістік, зат есім, т.б. арқылы көрініс табады. Мысалы:

1. Oh, Frank," she said to him, quite ecstatically, "you're so wonderful! [5,16].
2. Oh, Frank, isn't that wonderful!" She was delighted [5,142].
3. I'm perfectly delighted" [5,65].

Wonderful, delighted қуаныш сезімін білдіретін жағымды мағынада қолданылған сын есімдер. Perfectly, so үстеулері эмотивтіліктің қарқынын арттырып тұр.

1. Окоп үсті у-шу. Қуанышты кісілер қырғын ұрыстан қалжырап шыққанына қарамастан, бірін-бірі құшақтап апақ-шапақ [4, 231].
2. Қарақатын қуанғанынан жылап жіберді [4, 298].

Қуаныш, қуану сөздері тікелей эмоцияны атағанымен, бірін-бірі құшақтап апақ-шапақ, жылап жіберді тіркестері аталмыш эмоцияға айрықша реңк беріп тұр. Сонымен қатар ағылшын және қазақ тілдерінде қуаныш эмоциясын білдіруде, клишеленген сөйлемдер, тұрақты тіркестер қолданылады. Мысалы:

1. "Wonders never cease, do they, Aileen? [5, 494]
2. By George, how wonderful! What a girl! [5, 199]
3. This is charming," he said, sinking down beside Rita [5, 95].
4. "Oh, I'm so glad to get you back!"[5, 13]
5. Етбауыры соншалық елжіреп кетті Бұрын-соң татпаған, мүлде беймәлім ыстық сезімнен жүрегі шым етті [4,5].
6. Ауылға таңай бергенде, алдынан Рай шықты. Екі езуі екі құлағында [4, 165].

Wonders never cease, By George, how wonderful, this is charming, I'm so glad to get you back клишеленген тіркестер мәтінге эмоционалды реңк беріп тұрумен қатар, қарым-қатынас барысындағы сөйлеушінің қуанышты әсерлерін бейнелеп тұр. Қазақ тіліндегі мысалдарда жүрегі шым ету, екі езуі екі құлақта тіркестері адам эмоциясының шынайылығын арттыра түсуде.

Қуаныш эмоциясын білдіруде лепті сөйлемдер де кеңінен қолданылады. Мысалы:

1. Oh," she said, in her Philadelphia home, when she read it, "isn't that splendid! [5,24]
2. Now I'll be Mrs. Cowperwood. Oh, dear!" [5,24]
3. Exquisite!" he said. "I can't tell you how glad I am to be with you again." [5,113]
4. "Never happier," he answered. "I'm with you, my beautiful!"[5, 283]
5. «Айналайындар-ай!» – деді Дьяков. Көзіне тер құйылды ма, әлде көңілі босады ма, дүние бұлдырап кетті [4, 163].
6. – Кәлен аға, көрімдік! Көрімдік бермесең, көрсетпейміз [4, 161].

Splendid, dear, Exquisite, beautiful, Айналайындар-ай! Кәлен аға, көрімдік! сөздері лепті сөйлем интонациясымен үйлесіп, сөйлеушіге мәнер беретін қуаныш эмоциясының көрсеткіштері болып саналады. isn't that splendid, how glad I am, Never happier, дүние бұлдырап кетті тіркестері арқылы сөйлеушінің таңдану, сүйсіну, қуану күйін көрсетіп тұр. Exquisite және beautiful сын есімдері жағымды баға беру арқылы мақұлдаумен, қолдаумен үйлесетін қуаныш эмоциясын білдіретін тілдік құралдар болып табылады. Адамның жан сезіміне әсер ететін, көңіліне ұнайтын dear, darling, baby тілдік бірліктерін қолдану арқылы, сөйлеушінің ерекше сүйіспеншілігін білдіреді. Ағылшын тілінде бұл сөздерді қуаныш эмоциясының көрінісіне жатқызуға болады.

1. "Darling!" whispered Berenice [5, 287].
2. "Mother, dear! So here you are really! [5,22]
3. "Are you my fine big baby? Are you my red-headed doll? [5,43]

Қазақ тілінде де жағымды эмоция кезінде адамның жан сезіміне жақсы әсер етіп, көңілін марқайтатын қарлығашым, қарағым-ай, айналайын, т.б. тілдік бірліктер қолданылады. Мысалы:

1. Ие, айналайын... – деп, Тілеу-Қабак байы жас балаша елп ете қалды [4, 452].
2. Жасаған Ием-ау... мынау Еламан ба?.. Алда, қарағым-ай! [4, 199].

Қазақ жан сүйсінтер жақсы қылықты, жасаған жақсылықты үнемі айтып, оны істеген адамға көзінше де, сырттай да алғыс жаудырып, жағымды эмоциясын білдіріп отырады. Қазақ тіліндегі алғыс айту, тілек білдіру, бата беру, құттықтау формалары мән-мағынасы мен мазмұны, қолданысы, формасы жағынан өзіндік ерекшеліктері болғанымен, кейбір тілдік бірліктер, дайын сөз орамдары бата орнына да, тілек орнына да, алғыс орнына да, рахмет айтудың, ризашылық білдірудің, құттықтаудың бір түрі ретінде де жұмсалып жатады. Қуаныш сияқты жағымды эмоция қазақ тіліндегі құтты болсын, жоғары шық, төрлет, қош келдіңіз, қош болыңыз, рахмет сияқты этикеттік қызмет атқаратын тілдік бірліктер арқылы да білдіріледі. Мұндай тілдік

бірліктер амандасу, қоштасу, кешірім сұрау, ризалық білдіру сияқты рәсімдер кезінде жиі айтылады.

1. – Уа, халайық, қуаныштарың құтты болсын! – **Әумин! Айтқаның келсін!** Ішке кір. **Әй**, жігіттер, ағаларыңа жол беріңдер! [4,161]
2. – Ал, ат құтты болсын [4, 399].
3. – Құтты болсын. Өзіңе өлшеп тіккендей, шап-шақ-ау, шап-шақ... – деді Кенжей [4, 403].
4. – Е, онда құтты болсын. Қызығыңа ки – деп, Әлиза қыз көңіліне бола, әншейін жай ғана айта салды [4, 404].
5. Е, құдай, ұзағынан сүйіндіре гөр [4, 186].
6. Генерал Чернов шын **разы** боп: – **Рақмет, мырза!** – деп, Еламанның қолын қысты да, түскі асқа шақырды [4, 109].

Жалпы қазақ және ағылшын тілдері мәдениеттерінде қуаныш эмоциясы білдірудің жолдары ұқсас. Қуаныш эмоциясын білдіруде сын есімдер, етістік, зат есім, тұрақты тіркестер, лепті сөйлемдер қолданылады. Дегенмен, кейбір айырмашылықтарды атап көрсетуге болады. Қазақ тілі қуаныш эмоциясын білдіруде қолданылатын одағайлардың алуан түрлілігі және жиілігімен ерекшеленеді. Ағылшын тілінде одағайлар әлдеқайда сирек қолданылады. Сөйлеу барысында қарым-қатынас эмоционалдылығын үстелердің көмегімен қол жеткізеді. () қазақ тіл мәдениетінде одағайлар Тәңір, Жасаған, Құдай, т.б. сияқты сөздермен көбірек қолданылады. Мысалы:

1. Жасаған Ием-ау... мынау Еламан ба?.. Алда, қарағым-ай!.. [4, 199]
2. Е, құдай, бергеніңе шүкір. Тәубе! Тәубе! Тек ұзағынан бер! [4, 235]
3. «О, Тәңірім... Орыс жерінің топырағын басатын күнге де жеттік» [4, 335].
4. Е, құдай, ұзағынан сүйіндіре гөр [4,186].

Өртүрлі этникалық мәдениеттердегі эмоциялардың тілде берілуіндегі айырмашылықтар ұлттық ерекшеліктер мен белгілі бір тілдің эмоционалды мүмкіндіктері туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Ионова С.В., Штеба А.А. Смешанные эмоции к вопросу о лингвистической репрезентации и метаязыке описания. – Вопросы психолингвистики 2(40) –2019.– Электронный ресурс: [Вдовиченко VPL-40-2019_2-1.pdf \(the-philosophy-of-language.org\)](#) (дата обращения 1.04.2022)
2. Изард К. Э. Психология эмоций. – СПб. Питер, – 2000.– 464 с
3. Дмитриева Ю. В. Эмоциональный концепт «Радость» и его отражение лексико-фразеологическими средствами языка (на материале английского, немецкого и русского языков) // Филологические науки. Вопросы теории и практики. – 2016. – № 6-1 (60). – С. 108-110.
4. Нұрпейісов Ә. Қан мен тер. Трилогия. 1,2-том. – Алматы: Жазушы баспасы. – 2004. – 702 бет
5. Dreiser Th. The Trilogy of Desire: Three novels (The Financier, The Titan; The Stoic),